

ТАРИХТЫ ЖАСАУШЫ АХМЕТТЕЙ ТҰЛҒАЛАР

Әбдәшім С. Н.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Никамбекова Ә.Б.

Халықаралық қатынастар мамандығының 1 курс студенті,

aselnb_86@mail.ru

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» - деп ұлы қаламгер М.Әуезов айтқандай, қай ғасырда, қай дәуірде болмасын саналы, саликалы ұрпақ тәрбиелеу және білімді, білікті жастар – ел болашағының тұтқасын ұстар азаматтар, мына бүгінгі біз жастар боламыз.

Сонау XV ғасырда Қазақ хандығының іргетасы қаланғаннан бастап, әр қазақтың бойында ұлттық рух, ұлттық сана деген ұғым пайда болды. Сол заманнан бері, ел болып хандық құрғанда елім деген ел билеген хандар болса, жоңғар шапқыншылығы кезінде Отанымызды, жерімізді қорғаған батырларымыз бен қара қылды қақ жарған билеріміздің елдің ұлттық мүддесіне қосқан үлестері ұшан – теңіз.

Патшалық Ресейдің қол астында бодандықта болған кезеңнің өзінде ұлтын сүйген ардақтылар елінің көзі ашық, көкірегі ояу болу үшін білімді болуға, оқуға шақырып, ел болашағы үшін бозторғайдай шырылдағандары хақ. Мұның барлығының түбінде елге деген сүйіспеншілік пен жанашырлықтың, Отанға деген риясыз махаббаттың көрінісі.

XX ғасырдың басында қазақтың зиялылары, Алаштың ардақтылары да ел үшін, жер үшін, халқымыздың азаттығы үшін өз өмірлерін қатерге тікті.

Мұның бәрі ұлттық рух пен ұлттық тәрбиенің, ерік – жігердің мықтылығын көрсетті.

XX ғасырдың I жартысы әлемде үлкен өзгерістермен тұспа – тұс келді. Бірінші дүниежүзілік соғыспен бірге Қазақстанда ұлт – азаттық көтеріліс, Ресейде Ақпан төңкерісі, Қазан революциясының оты өршіді. Сол кезде қазақ ұлтының ұлттық санасы едәуір жоғары деңгейге көтеріліп, рухы мықты Алаш азаматтары бой көтерді.

Сондай Алаш ардақтысының бірі, «Қазақ» газетінің редакторы, қазақ «Әліппесінің» реформаторы- Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Биылғы жыл – ерекше жыл, яғни Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. А.Байтұрсынұлының қазақ тілі туралы білім-ғылымның негізін салуына ағартушылық идеясы себеп болды. Ол ағартушылықты өзінің азаматтық міндеті деп санаған. Бұл ұлттық сананы көтерудің, өз сөзімен айтсақ, қазақты «өзге жұрттар өрге қадам басқанда қатарынан қалыспайтын» халық етіп ілгері бастырудың алғашқы арнасы – оқу-ағарту деп білді. Қазақтың қалың бұқарасының сауатсыз қараңғылығы рухани-мәдени дамуының бірден-бір кедергісі екенін бейнелі тілмен қазақтың намысына тигізе: «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», – деп ашып айтты. Ағартушылықты үгіттеген өзге қайраткерлерден Ахмет Байтұрсынұлының үлкен айырмасы – ол өнер-білімге шақырумен қатар осы жолда нақты іске көшті: оқулықтар жазды, оқыту әдістерін көрсетті, 1913-1929 жылдары газет, журнал беттерінде, мәслихат-жиындарда қазақ даласындағы оқу-ағарту жайын кеңінен сөз етті, ұсыныстар жасады, 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдары) бала оқытты. Міне, бұл – ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының бейнесін танытатын нақты іс-әрекеттер.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол – Құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Еуропа елдері қарыштап дамып жатқанда, елінің сауатын ашпақ боп тынымсыз еңбек еткен үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтары үлгі тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері ғана емес елдің жоғын түгендеуші дала перзенті. Бұл

санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп, тамаша туындылар берген. Өмірдегі басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынұлы – небір тар жол, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға. Оның дүниеге келер тұсы патша ағзамның көршілес елдерді билеп-төстеудің айла-шарғыларын емін-еркін іске жаратып жатқан кезі болатын. Қазақтың әлденеше ғасырға ұласқан хандық, билік құрылымының быт-шыты шығып, «күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап» деп тұрған сәті еді. Ахметтің дүниеге келуі – қалыптаса бастаған халықтың тұтастығының береке-бірлігінің сәні кетіп, ел-жұрты «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан дәуір болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің көптеген зерттеулері мен шығармаларын ұлттық тәрбиеге, оның маңызына жіті тоқталып, ұлттың ұлт болып қалыптасуына тәрбиенің тигізетін ықпалын айқындады.

Өзінің замандастары, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жүсіпбек Аймауытовтармен бірге халықтық идея проблемасын көтере білді және жоғарыдағы қаламгерлердің осы тақырыпқа бір емес, бірнеше өзекті зерттеулері жарық көрді. Қазіргі таңда қазақстандық көптеген ғалымдар өздерінің еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми әдістемелік еңбектерінің жазылуы, қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалауындағы еңбектерін бүгінгі күнгі ағарту ісімен байланыстырады.

Ахмет Байтұрсынұлы, жоғарыда атап айтқандай, қараша халықтың көзі ашық, білімді болуы үшін, сол өзіміздің ана тілімізде жазу мен оқу құралдарының болуы шарт екеніне жіті мән беріп, ел игілігі үшін жасаған жұмыстары барысында кедергілермен аянбай күресті. Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы дүниеге келсе, оның ағартушылық, педагогикалық қызметі 1895 жылдан басталды. Өмірінің алғашқы қадамдарын бала оқытудан бастайды. Ол өз мақсатын:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың, – деп, бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетектеу деп біледі.

Ақтөбе, Қарқаралы, Қостанай өңірлерінде ауылдық, уездік училищелерде сабақ беріп еңбек жолын бастаса, уақыт өте келе, ұлттық тәрбиенің негізі болған – ауыз әдебиеті мен халықтың салт – дәстүрлерін зерттеп, өзінің еңбектерін жарыққа шығарды. Ірі ғалым, лингвист, әдебиет зерттеуші, аудармашы, дарынды ақын, түрколог, қазақ тілінің жазылу негізін қалаған ғұлама Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының рухани дүниесін жан – жақты комплексті түрде зерттеп, олардың ғылыми – теориялық негізін жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады. Тіл – алты-жеті қамалдың ішіндегі ең соңғы құлайтын қамал. Тіл құласа, ол тіл қызмет еткен, сол тілмен бірге аталып келген халық та құриды. Адамдар болғанмен, олар қазақ болмайды. Сол халықтың аты жойылады.» - деп ашып айта отырып, өзінің алғашқы зерттеулерін қазақ халқының мақалдары мен болжамдарына арнады, яғни, ол 1895 жылы Торғай газетінің №39 санында халық арасында көп қолданыста жүрген мақалдар мен болжамдарды топтастырып, мағынасын аша отырып, жариялады.

Сондай – ақ, ұлттық тәрбие туралы өзінің ой – пікірлерін «Қазақ» газетіне жариялап халық арасына кеңінен таралуына ықпал жасаса, «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Әдебиет танытқыш», «Әліппе астар», «Маса», «23 жоқтау», «Оқу құралы (хрестоматия)» сынды оқулықтары мен шығармаларында ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалауымен қатар, қазақ тілін, халық ауыз әдебиетін, мәдениет пен тарих, әдет – ғұрыптар мен салт – дәстүрлерін баяндау арқылы өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру жолдарын айқындап көрсетті. Әдет – ғұрыптарды жинақтағанда, көнеден келе жатқан қазақтың салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптарына айрықша тоқталды. Мәселен, сол заманда беташар ғұрыпына тоқталып, оның маңызы мен тәрбиелік мәнін ашып көрсетсе, сол ғұрып еліміздің оңтүстік

және батыс өңірлерінде әлі күнге дейін қатаң сақталып, басқа өңірлерде жандандырылып келе жатыр.

Сондай – ақ, салт – дәстүр жырларының бірі – қасиетті Рамазан айында балалар мен жастардың айтатын жыр – өлеңі – жарамазанды ашып жазды.

Жарамазанды қазірге дейін Қазақстанның оңтүстігінде, батысында «жарапазан» деп жастар, кішкене балалар ораза кезінде нақышына келтіре шырқаса, үлкендер қауымы сауап болатын іс деп оларға құрт, кәмпит үлестіріп, ұсақ ақша да беріп жатады. Жас балалар әдемі бата беріп, «оразаның қабыл болсын, ұстаған жан» - деп ізеттілік көрсетеді. Демек, сол бағзы заманнан келе жатқан өлең – жырларды жатқа айту, оның мағынасына үңілу- ұлттық тәрбиенің бір көрінісі.

Ахмет Байтұрсынұлының келесі зерттегені – адамның санасына туылғаннан сінетін тұрмыс – салт жырларының бірі - «Бесік жыры». Сол бесік жырын айту арқылы әрбір қазақтың анасы келер ұрпақтың бойына ұлттық рухты, жарқын болашақты жақындата түскен. Әр сөзінің мағынасын аша отырып, баланың нені алып жатқанының маңызын аша білді. Әрбір салт – дәстүр мен әдет – ғұрыптың астарында жеке тұлғаның рухани өсуі мен адамгершілік қасиеттері мен құндылықтарының қалыптасуы орын алуда.

Ахмет Байтұрсынұлының мұраларының ішінде тәрбиелік мәні бар ұлттық тағылымның бірі – бата. Ол батаның түрлеріне, бата беру жолдарын анықтап, топтап, жинақтады және мұның бәрін өзінің «Асыл сөз» атты еңбегінде көрсетті.

«Әдебиет танытқыш» оқу құралында Ахмет Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», – деп ескертеді де, сол талапты осы еңбегінде орындап шығады.

Өзінің «23 жоқтау» атты еңбегінде ол трагедиялық жырларды жинақтап, кешегі өткен Кенесары, Наурызбай, Қаз дауысты Қазыбек би, Бапай батырлардың дүниеден өткендегі жақындарының жоқтау айтуын келтіре отырып, олардың әрқайсысының қазақ халқының алдында орындарының ойсырап қалғандығын көрсетуімен қатар, қазақты ауызбіршілікке, ынтымаққа шақырды.

Ұлы ағартушы – педагог өзінің өлеңдерін 1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болатын. Ақын қалғыған халқын тым болмаса маса боп шағып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол бұл жолда талай қаққы жеп, тауқымет шегерін де, тіпті өліп те кетерін білген. Бірақ біле тұра, ол алған бетінен қайтпайды: Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып, Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша. Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен Қоймастан құлағына ызындаса?! Сары маса болып ызындаған өзі екенін Ахаң 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалындағы» «Малшы мен маса» деген туындысында жасырмай, ашық айтады:

Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,

Жыланды пәле делік аңдып баққан.

Пәленің түрін көрген мен – Сармаса

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Ойлаймын: «осы сөз де жетеді!» деп,

«Қатты айтсам, сөзім батып кетеді» деп,

Ұйқысы ашылмаған жұрт өзінді

Қорқамын сармасадай етеді - деп халқын сүюге, салт – дәстүрді қастерлеуге шақыра отырып, ұлттық тәрбиенің орнын ерекшелеп көрсете білген ғұлама, өз тағдырының түбі не боларын алдын ала болжап, көрегендікпен айтып кеткендей.

Ахметтей алыптың түбіне жеткен, шынында да, өзіміз емес пе едік? Халықтың басына төнген қатерден қорғанудың амалын тым болмаса сауат ашу арқылы үйретпек болған

асылымызды ұйқылы-ояу халімізбен түсіне алмай дал болдық қой. Осыны бір ойлап, сабақ алсақ етті! Ұлттық сана мен ұлт мәдениеті жолындағы күресте опасыздық пен алауыздық салқыны әлі де жетерлік-ау деп сезіктенесің. Тәуелсіз ел болған қазіргі күйіміздің өзі көп жағдайда көңілге жұбаныш әкеле қоймайды,

Арайлап атқан Тәуелсіздік таңына 30жыл болса да, тіл мәселесі әлі де өз шешімін таба алмай келе жатқаны жанға батады.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы педагогикалық, ағартушылық қызметте жүріп, өзінің еңбектері мен көзқарастары арқылы ұлттың тәрбиесі мен болашағына аса мән берген және нәтижеге қол жеткізу үшін жүйелі түрде зерттеумен айналысып, дәлелдемелер мен тұшымды тұжырымдар жасады. XX ғасырдың ұлы реформаторы болған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері әлі де зерттеулерді талап етеді.

Бар ғұмырын өзінің туған халқының жарқын болашағы үшін арнаған халық педагогы, ғұлама ұстаз Ахмет халықтың халық болып қалуы, даму үрдісіне тікелей ықпал ететін үлкен күш – тәрбие екенін әбден дәлелдеп шықты.

Ұлы ғұлама Әл – Фараби айтқандай: « Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» екенін айта келе, Ахметтей бабамыздың халқы үшін қызмет етуді мұрат тұтқан абзал азаматтың рухына бүгінгі жас ұрпақ басымызды иеміз және ол кісінің артында қалған рухани мұрасын «көзіміздің қарашығындай сақтап, ұлттың тәрбиесінде қолданамыз» - деп нық сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1987.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 384 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Қожахметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, - Алматы: 1940ж-1206;
5. Қалиев С, Жарикбаев К. «Қазақтың тәлім – тәрбиесі»-Алматы: 1995ж -346б;
6. Имаханбетова Р А. Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы; - Алматы -2006ж -22-23бб;
7. Тұрғараева Г.М А. Байтұрсынұлының халық ағарту саласына қосқан үлесі; -Алматы - 2007ж-432-437бб.

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ІСКЕ АСУЫ ЖӘНЕ ЗАРДАПТАРЫ

Әжіхан М.

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Батырбекқызы Г.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

gbatyrbekkyzy@mail.ru

Шымкент қ.

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс армиясы жергілікті халықтың қарсылығын күшпен баса отырып, қарудың күшімен қазақтың кең даласына шығыс жақтан үңгіп кіріп келді.

XVIII ғасырдың 30-жылдарынан XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі кезеңде Қазақстан Ресейге толық қосылып оның отарына айналды. Қазақ мемлекеттігін жойып, сан ғасырлық этникалық территориясының тұтастығы күшпен бөлшектенді.

Патша өкіметі қазақ халқы мекендеген жерді мемлекеттік меншік деп жариялады, оның құнарлы шалғындары мен егістіктерін орыс-казак әскерлері қоныстанушылар игерген аймаққа айналды. Қазақстан территориясы әкімшілік жолмен бөлшектеніп, оның едәуір батыс бөлігі